Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

Қазақстанның табиғаты алуан түрлі. Оның байтақ жерінде тау, төбелер мен жазықтар бар. Қазақстан жерінің ең биік нүктесі — Хан-Тәңірі шыңы теңіз деңгейінен 6995 метр жоғары, ал ең төменгі нүктесі Қарақия ойпаты теңіз деңгейінен 132 метр төмен жатыр. Ел аумағының 10-нан бір бөлігін таулар алып жатыр. Тянь-Шянь, Іле Алатауларының шыңдарын мәңгі қарлар басқан. Бұл тауларда қыран құстар, бүркіттер ұшып жүреді. Алтайдың ормандары — бұландар мен әдемі маралдардың мекені. Ормандары мен далаларында қасқырлар, түлкілер, қарсақтар, қояндар бар. Ертіс, Тобыл және Есіл өзендерінің суы Сібірлік Обь өзеніне құйып, Солтүстік Мұзды мұхитқа дейін барады. Қазақстандағы өсімдіктердің жалпы түрлері 6 мыңнан астам. Ал құстардың түрі 500-ден көп. Өзен-көлдерде балықтың 107 түрі бар. Далалар мен ормандардағы жабайы аңдардың түрі 178-ге жетеді екен.

*(О. Жанайдаров)*